

"Облыстың мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орманды пайдаланудың кейбір түрлері үшін төлемақы ставкаларын белгілеу туралы" Жамбыл облысы мәслихатының 2011 жылғы 15 наурыздағы № 32-8 шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Жамбыл облыстық мәслихатының 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 41-10 Шешімі. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 18 қаңтарда № 1804 тіркелді. Күші жойылды - Жамбыл облыстық мәслихатының 2019 жылғы 30 сәуірдегі № 34-9 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Жамбыл облыстық мәслихатының 30.04.2019 № 34-9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасы 2008 жылғы 10 желтоқсандағы кодексінің 506 бабына және Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 08 шілдедегі Орман кодексінің 14 бабына сәйкес Жамбыл облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. "Облыстың мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орманды пайдаланудың кейбір түрлері үшін төлемақы ставкаларын белгілеу туралы" Жамбыл облысы мәслихатының 2011 жылғы 15 наурыздағы № 32-8 шешіміне (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 2011 жылғы "22" сәуірде № 1776 тіркелген, 2011 жылғы 28 сәуірдегі № 69-70 "Ақ жол" газетінде жарияланған) келесі өзгерістер енгізілсін:

Көрсетілген шешімнің № 2 қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда мазмұндалсын;

Көрсетілген шешімнің 3 тармағының 2 абзацы алынып тасталсын.

2. Осы шешім Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және оны алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыстық мәслихат
сессиясының төрағасы
А. Майлыбаев*

"КЕЛІСІЛДІ"

**"Қазақстан Республикасының Ауыл
шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылық**

*Облыстық мәслихат
хатшысы
Ә. Әсілбеков*

шаруашылығы комитетінің Жамбыл облыстық орман және аңшылық шаруашылығы аумақтық инспекциясы"

мемлекеттік мекемесінің бастығы

Қ.К. Кемелов

7 желтоқсан 2011 ж.

"Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі

Салық комитетінің Жамбыл облысы бойынша салық департаменті"

мемлекеттік мекемесінің бастығы

Т.Қ. Сәрсембаев

7 желтоқсан 2011 ж.

Жамбыл облысы мәслихатының
2011 жылғы 07 желтоқсандағы
№ 41- 10 шешіміне қосымша
Жамбыл облысы мәслихатының
2011 жылғы 15 наурыздағы
№ 32-8 шешіміне 2 қосымша

Облыстың мемлекеттік орман қоры учаскелерінде жанама орман пайдаланудың кейбір түрлері үшін төлемақы ставкалары

Ара ұялары мен омарталар орналастыру, шөп шабу, мал жаю және аң өсіру үшін

№	Пайдалану түрі	Өлшем бірлігі	Төлемақы ставкасы (теңге)
1	Ара ұялары мен омарталар орналастыру	1 ұя үшін	88,2
2	Мемлекеттік орман қоры аумағында шөп шабу:		
	сапалық жай-күйі жақсы	1 гектар	1 0 5 , 8
	сапалық жай-күйі орта	1 гектар	7 9 , 4
	сапалық жай-күйі төмен	1 гектар	61,7
3	Мемлекеттік орман қоры аумағында мал жаю:		
	жақсы сапалы жайылымдар	1 гектар	7 4
	орта сапалы жайылымдар	1 гектар	5 5 , 5
	төмен сапалы жайылымдар	1 гектар	43,2
4	Аң өсіру	1 гектар	177,2

Дәрілік шөптер мен техникалық шикізаттар, жабайы өсетін жемістер, жаңғақтар, саңырауқұлақтар, жидектер мен басқа да тағамдық өнімдер, қамыс дайындау мен жинау

р/с	Өсімдіктің атауы	Шикізат түрі	Шикізаттың шаруашылық маңызы	Өлшем бірлігі (құрғақ күйінде)	Төлемақы ставкасы (теңге)
1	Дәрілік жалбызтікен	Тамырлар	Дәрілік	1 килограмм	200
2	Бөрі қаракат	Жемістер	Дәрілік	1 килограмм	450

3	Қ ұ м д ы бесмертник(цмин)	Гүлдер	Дәрілік	1 килограмм	480
4	Алқызыл долана	Жемістер	Дәрілік	1 килограмм	300
5	Айланшөп таран	Шөп	Дәрілік	1 килограмм	300
6	Биік андыз	Тамырлар	Дәрілік	1 килограмм	200
7	Дәрі түйе жоңышқа	Шөп	Дәрілік	1 килограмм	600
8	Кәдімгі жұпаргүл	Шөп	Дәрілік	1 килограмм	420
9	Шілтер жапырақ шаңқурай	Шөп	Дәрілік	1 килограмм	420
10	Бозтіккен	Тамырлар	Дәрілік	1 килограмм	1480
11	Қосүйлі қалақай	Жапырақтар	Дәрілік	1 килограмм	420
12	Кәдімгі өгейшөп	Гүлдер, жапырақтар	Дәрілік	1 килограмм	600
13	Арша	Жемістер	Дәрілік	1 килограмм	600
14	Дала жалбыз	Шөп	Дәрілік	1 килограмм	360
15	Дәрі бақбақ	Тамырлар	Дәрілік	1 килограмм	400
16	Кәдімгі түймешетен	Гүлдері	Дәрілік	1 килограмм	300
17	Үлкен бақа жапырақ	Жапырақтар	Дәрілік	1 килограмм	300
18	Ашщы жусан	Шөп	Дәрілік	1 килограмм	420
19	Дәрілік ромашка	Гүлсебеттер	Дәрілік	1 килограмм	420
20	Жалаң мия	Тамырлар	Дәрілік	1 килограмм	200
21	Кәдімгі мыңжапырақ	Шөп	Дәрілік	1 килограмм	420
22	Дала қырықбуыны	Шөп	Дәрілік	1 килограмм	420
23	Сұңғыла	Тамырлар	Дәрілік	1 килограмм	1480
24	Сасық кереуік	Тамырлар	Дәрілік	1 килограмм	921
25	Үш тармақ итошаған	Шөп	Дәрілік	1 килограмм	420
26	Шөлдік шалфей	Жапырақтар	Дәрілік	1 килограмм	420
27	Итмұрын раушан	Жемістер	Дәрілік	1 килограмм	300
28	Кәдімгі өрік	Жемістер	Тағамдық	1 килограмм	40
29	Алша (согдий өрігі)	Жемістер	Тағамдық	1 килограмм	20
30	Жабайы алма	Жемістер	Тағамдық	1 килограмм	40
31	Саңырауқұлақ	Саңырауқұлақ	Тағамдық	1 килограмм	75
32	Таңқурай	Жемістер	Тағамдық	1 килограмм	160
33	Итшомырт шырғанак	Жемістер	Тағамдық	1 килограмм	120
34	Грек жаңғақ	Жемістер	Тағамдық	1 килограмм	240
35	Күрен кара қарақат	Жемістер	Тағамдық	1 килограмм	220

36	Кәдімгі пісте	Жемістер	Тағамдық	1 килограмм	560
37	Ақ, қара тұт	Жемістер,	Тағамдық	1 килограмм	80
38	Қамыс	Өзегі	Техникалық	1 текше метр	240

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК